

УДК 78.03

*Әлибек, Г.А.,  
«Педагогика және бастауыш оқыту әдістемесі»  
мамандығының 2 курс студенті, ҚМПИ  
Есмаганбетова, Ш.К.,  
Өнер кафедрасының аға оқытушысы,  
ҚМПИ, Қостанай қ., Қазақстан*

## ХАЛЫҚ ӘНДЕРІНІҢ БАЛА ТӘРБИЕСІНДЕГІ МАҢЫЗДЫЛЫҒЫ

### *Аннотация*

*Бұл мақалада халық әндерінің шығу тарихына қысқаша тоқталып, бала тәрбиесіне алатын оры жайлы айтылып, мысалдарымен көрсетілен. Сонымен қатар музыкалық фольклортану ғылымында халық әндерінің дыбыс қатарына тоқталған.*

*Мақаланың мәнін ашатын сөздер: өнер, фольклор, мақам, халық әндері, бала тәрбиесі.*

Халық әндері (folk music), ауызша дәстүрмен сақталған және қоғамға таныс қандай да бір ұлт пен этникалық топ адамдарына арналған ерекше әуен. Халық әуенінің дамуының шыннайы тарихын тек қана болжауға болады. Нотаға түскен халық әндері мен халық әуені мәдениетінің тарихының хроникасы өте сирек кездеседі, әдетте бұған немқұрайлылықпен қарайды, тіпті қоғамдағы оның пайда болуы да беймәлім. Орта ғасырдағы Еуропада тараған христиандық жай халықтық әуенді қаралау мен құртуға әрекет жасайды да, тілдік салт пен дәстүрмен оны байланыстырады. Қайта өрлеу дәуірінде жаңа гуманистік көзқарас пайда болып, тұрпайы көрінетін ескі халық әуендерін, композиторлар өзінің шығармашылығына пайдаланып, халық әуеніне мейірбандылықпен қарайды. Мотет пен месс шығарғанда халық әуендерін жиі қолданған, ал наразылық білдіру гимнінің әуенін тікелей халық әуендерінен алған. 17 ғасырда халық әуендері бірте-бірте қоғамнан алшақтап, кейін 18 ғасырда музыка өнеріне деген қажеттілік қайтадан туындайды. 19 ғасырда халық әуендері «ұлттың игілігі» деп есептеліп, мәдени поэзия мен әндермен қатар тұрды. Ұлттық және діни коллекция ретінде шығарылып, халық әуені патриоттық идеологияны таратудың бір жолы деп есептелді. 1890 жылдан бастап оны жинаумен және механикалық құралдармен жазуды бастайды. Жарияланымдар мен жазбалар көпшіліктің қызығушылығын арттырып, халық әуендерін беру арқылы дәурені өткен сол ғасырдағы фольклорды және дәстүрлі әдет-ғұрыпты қайта тудыруға мүмкіншілік туады. Екінші дүниежүзілік соғыстан кейін бар әлемде халық әндерінің мұрағаты пайда болды. Әдетте зерттеушілер әлі қаланың танымал әндері мен хабар тарату құралдары әлі де болса көпшіліктің назарын аудармағандықтан «аутенттік» (өте ескі) материалдарды танып біледі, бұл жанр В. Гатри, П. Сигер, Д. Базз және Б. Дилан сияқты әннің авторларының өзіндік әуеніне дәстүрлі композициядағы қарапайымдылықты және қалпын сақтайды.

Қазақ әндеріндегі философиялық ой тереңдігі үнемі дидактикалық мәселелермен қапсырыла қапталдасқан. Қазақ әндерінің қай жанрын алмасақ та, өнегелі өсиет арқылы, ізгілікті мейірбандыққа, татулық пен бірлікке, адамгершілікке, байсалды мінез – құлыққа, сиқырлы ақылдылыққа насихаттап отырады. Сонымен бірге, қазақ халқының тарихын, өмір сүру тіршілігінің сан қилылығын, қоғамдық көзқарастарын, ақыл – ойының жиынтығын танытады. Қазақ әндерінің дидактикалық, танымдық қасиеті негізгі ерекшеліктерін тағы бір қырынан көрсетеді.

Қазақ халық әндерінің жанрлары да көп. Оларды жүйеге келтірілген жіктемелер де баршылық (А.В. Затаевич, Б.Г. Ерзакович, Т. Бекқожина, З. Қоспақов, т.б.). Жіктемелерін бәрін өнертану саласында толық қолдауға болады. Ал педагогикалық салада оларды осы қалпында пайдалануға болмайды, өйткені олар әндердің тәрбиелік мүмкіндіктерін жан жақты

ашып көрсетуді шектейді. Біздің пайымдауымызша мектеп практикасында мазмұнды пайдалану мақсатында қазақ әндерінің тәрбиелік мүмкіндіктерін былайша жүктеген дұрыс сияқты:

– тұрмыс салт әндері (бесік жырлары, балалар мен жастар әндері);

*мысалы: Бесік жыры, «Әлди, әлди бөпешім».*

Өлең авторы – Айгүл Сағымбайқызы.

*Әлди, әлди бөпешім,*

*Әнімді айтып берейін.*

*Аялап, сені жүрейін,*

*Өскеніңді, көрейін.*

*Былдырлаған тіліңнен,*

*Айналайын бөпешім.*

*Таптым, бақыт өзіңнен,*

*Ұйықтай ғой, енді көкешім.*

– еңбек, шаруашылық, кәсіп әндері (бақташылық, төрт түлік мал туралы әндер, диқан, егіншілік әндері, аңшылық, саяткерлік әндер, жұмысшы әндері);

*Мысалы: Халық арасына кең тараған әннің бірі – «Көкжәнде».*

*Көкжәнде, тұғырың алтын, жібек баулы,*

*Бар ма екен Көкжәндемдей қыран шәулі?!*

*Күніне отыз үйрек, қырық қаз іліп*

*Кеш болса отырушы ең тояттаулы, –*

– үйлену әндері (той бастар, той тарқатар, жар-жар, беташар, қоштасу, сыңсу, құдалар әндері);

*Мысалы: Той бастар (халық әні)*

*Бесігі той қазанның отау жабар,*

*Қиқу сап жас балалар атқа шабар.*

*Той қылған қыз әкесі мырза болса,*

*Жігітке той бастаған шапан жабар.*

*Қайырмасы:*

*Ақсай деген жеріміз,*

*Кең жайылған еліміз.*

*Үйрек ұшып, қаз қонған,*

*Дария шалқар көліміз.:*

– ұлыс әндері (жарапазан); діни әдет – ғұрыптар тудырған әндер (бәдік, бақсы, сарыны);

*Мысалы: Жарапазан сөзі:*

*Айтайын айт дегенде жарапазан,*

*Бір келген он екі айда ораза иман!*

*Ассалаумағаликұм, дәуіт ғалам,*

*Ағаға осы үйдегі бердік сәлем.*

*Ағаға осы үйдегі берсек сәлем,*

*Сәлемді қабыл көрсін хақ Тағалам!*

*Меккеде бір ағаш бар иіп тұрған,*

*Мәуесі жер мен көкке тиіп тұрған.*

– жаналазау әндері (естірту, жұбату, көңіл айту);

*Мысалы: Абыл Тілеуұлы (Естірту)*

*Асқар, асқар, асқар тау,*

*Асқар таудың басына*

*Балапан ұшып шыға алмас.*

*Сұңқардан қыран құс болмас,*

*Соқтасы қатпай аң алмас.*

*Айдын, айдын, айдын көл,*

*Асарлап төксең, суалмас.*

*Қабырғасы қатқан кәрі боз*

*Қаржалған күні жүгіре алмас.*

– нақиялы әндер (алғыс, бата, тілек, жұмбақ, мысал-әжуа, күлдіргі мысқыл әндер);

*Мысалы: Күлкі*

*Күлкі көрем көгілдір көл бетінен,*

*Күлкі көрем аспаннан,*

*жер бетінен.*

*Күлкі, күлкі жан-жағым, толған күлкі,*

*Күлкіменен дүние тербетілген.*

*Күлкілерде тұрғандай уақыт күліп,*

*Күлкілерде жатқандай бақыттылық.*

– қиял-ғажайып әндер (аңыз әндер, өтірік өлеңдер);

*Мысалы: Өтірік өлең*

*Жұмысымда жүр едім,*

*Қонаққа Бақа шақырды.*

*Көлге келсем су беріп,*

*Аш қалдырды, қатырды!*

– тарихи әндер;

*Мысалы: Тарихи әндер*

*оралмасқа мәңгілік шақаң кетті,*

*қайран елім ,ақылгой атаң кетті.*

*қас жауыңнан батырлар кек алыңдар,*

*сауап тиер киелі батаң кеті.*

*қара ат міндім қамшылап,*

*шыт тартамын шаршылап..*

– әлеуметтік теңсіздік әндері;

*Мысалы: Шалтабайдың әні*

*Менің атым – Шалтабай,*

*Асылдан соққан балтадай,*

*Шалтабайдай жалғызды,*

*Кім іздеп арттан қайтады-ай?!*

– эпикалық шығармалар (терме, толғаулар);

*Мысалы: Д. Бабатайұлы Сары алтынның буындай, тұманың тұнық суындай... сорғалаған нәсердей жырында:*

*Қайырсыз, сараң байыңды,*

*Еріншек, есек жарыңды,*

*Халыққа емес сыйымды,*

*Парақор баспақ биіңді,*

*Ел бүлдіргіш бегіңді*

*Улы тілмен улаттым.*

– айтыс әндері;

*Мысалы:*

*Жақсылар аспандағы ай секілді,*

*Кей жаман - бас білмеген тай секілді.*

*Жаманменен ойнасаң – көңіл азар,*

*Жақсыменен ойнасаң – күнде базар.*

*Жаман сөз - жақсы адамға мін-ді дейді.*

*Екі асыл жарасады дүр тасындай.*

*Жай білмейтін жаманға болма құмар.*

*Жақсы адам жайды білген сынамайды.*

– лирикалық әндер.

*Мысалы: Янур-ай*

*Жас болса жарқыраған көлдің беті,*

*Көгеріп толқындайды, янур-ай, алыс шеті.*

*Дірілдеп толқын басқан мөлдір суын,*

*Шайқайды жас балдай, янур-ай, желдің лебі.*

Қазақ фольклорындағы мақам (лад) – әдетте 7 кейде одан да аз басқыштан тұратын дыбыс қатарына байланысты қолданылатын атау. Одардың ладтық тұрағы – тоникасы міндетті түрде дыбыс қатарының төменгі дыбысы болып табылады.

Халық әндерінің интонациялық-диапазондық құрылымын талдағанда оларға классикалық музыкаға тән терминдерді қолдануға болмайды. Музыкалық фольклортану ғылымында халық әндерінің дыбыс қатарына байланысты мынадай терминдер қалыптасқан:

1. Трихорд (до- ми- фа; ре - ми - соль) – үш дыбыстан тұратын құрылым.

2. Тетрахорд – төрт дыбыстан тұратын құрылым.

3. Пентахорд – бес дыбыстан тұратын құрылым

4. Гексахорд – алты дыбыстан тұратын құрылым.

5. Гентахорд – жеті дыбыстан тұратын құрылым.

Фольклорлық шығармалар тұсында оларға қатысты ғылыми ұғым-түсініктер мен арнайы терминдерді ескеру қажет. Қазақтың халық әндері жоғары тәрбиелік мүмкіндіктерімен, азаматтық идеяларының өркениеттілігімен, болмастығы көзғарасты әсерлі бейнелеуімен, көркемдік айырмашылығымен оқушылар назарын өзіне аударады.

Қазақ әндерінің музыкалық-поэтикалық құрылымының күрделілігі, жас буынның ой-сезімі мен танымдылығына әсер етуші күштерінің сан қилы болып келуі, оның өнер түрінің өзіндік ерекшеліктеріне байланысты болып келеді.

Ал біздер сөз еткелі отырған оқушылардың музыкалық-эстетикалық дамуын жетілдіруде ән тәрбиелік мүмкіндіктерін нәтижелі пайдалану қазақ әндерінің өзіндік бітім – тұлғасын, мазмұнын түп төркінін, көркемділік мәнерін жете білмейінше, ойдағыдай жүзеге асырылмайды.

Қазақ әндерінің ерекшеліктері әдебиет саласында А. Қоңыратбаев, Р. Бердібаев, Б. Уақатов және басқа зерттеушілердің еңбектерінде талданды. Педагогикалық зерттеудерде қазақ әндерінің ерекшеліктері жөнінде арнайы еңбектер болғанымен, осы мәселе төңірегіндегі ой-пікірлер мен пайымдауларды С.А. Ұзақбаеваның, А. Нұғымованың, М.Х. Балтабаевтың, Ж. Өтемісовтың ізденістерінен байқауға болады.

Біздер жоғарыда аталған ғылыми еңбектерге сүйеніп педагогикалық тұрғыда қарастырылған ән мұраларының қазақ өмірімен тығыз байланыстылығы, тарихилығы, көп варианттылығы, философиялық ой тереңдігі, көркем образдылығы, синкреттілігі, дидактикалық және танымдық маңыздылығы және мелодиялық интонациялық құрлымындағы әуен өсемділігі деп ажыраттық. Осылайша байлам жасауымызға А. Қоңыратбаевтың ән-өлең шығармаларына берген сипаттамаларын, ерекшеліктерін: «Олар – фольклордың коллективтік және ұлттық сипаты, варианттылығы, дәстүрлігі, тарихилығы және ауызекі дамуы... фольклор синкреттік өнер. Оның бойында халықтың тұрмыс-салты, театр, сөз, би және ән-күй енері бір-бірінен дараланбай, тұтас күйінде керінеді», – деген тұжырымдарын негізге алуға болады.

Фольклор шығармаларының айрықша әсерлі болатын себебі – оның есте қалғыш, тартымды әрі қарапайым, көркем образдылығы. А.Қоңыратбаевтың осы пікірі ән-өлеңдерінің тағы бір ерекшелігін оның көркем образдылығын дәл көрсетеді. Халық әндерінде ақылғой қария Асанқайғы, Қорқыт, Жиренше еліне қиын-қыстыу кезде болған Кобланды, Алпамыс, Ертарғын, Қамбар батырлар, өнегелі ару қыздары Қыз-Жібек, Баян-сұлу, Қарашаш, Ақжүніс тәрізді жасампаз образдар әсем сазбен, сырлы әуен көгендерімен жиі кездеседі.

Ән синкреттік өнер. Оның бойында біртұтас бірлікте сомдалған. Ән өнерінің әсер етуші механизмінің күрделілігі, біздің оның негізгі ерекшелігін синкреттілігіне байланысы зор. Қазақ әндеріндегі философиялық ой тереңдігі үнемі дидактикалық мәселелермен қапсырыла

қапталдасқан. Қазақ әндерінің қай жанрын алмасақ та, өнегелі есиет арқылы, ізгілікті мейір-бандыққа, татулық пен бірлікке, адамгершілікке, байсалды мінез-кұлыққа, сақилы ақылдылыққа насихаттап отырады. Сонымен бірге қазақ халқының тарихын, өмір сүру тіршілігінің сан қилылығын, қоғамдық көзқарастарын, ақыл-ойының жиынтығын танытады. Яғни, қазақ әндерінің дидактикалық, танымдық қасиеті оның негізгі ерекшеліктерін тағы бір қырынан көрсетеді. Турмыс салт әндері адам баласының өмірге келіп ержетіп, есеюі, қаза болуы сияқты елеулі кезеңдерге, уақиғаларға байланысты туындаған. Нәрестенің өмірге келуі, әр шаңырақты қуанышқа толтырып, шілдеhana жасалып, ат қойылған. Кіндігі түскен баланы 5-6 күннен соң бесікке салып, түрлі ырым-жоралғылар жасалған. Ал бесікке салынған баланың өсіп жетілуінде бесік жырларының тәрбиелік маңызы айрықша болады. Бесікке салынған бөбек анасының сүйіспеншілікке толы, жанға жағымды нәзік әуеніне балқып, тәтті ұйқыға кетеді. Бесік жырларының құрылымы карапайым болғанымен, сазы жан тебіренер мамыражай, әрі көркем болып, жас сәбидің нерв жүйелеріне, жалпы психикасына жағымды әсер етіп, көңіл-күйін орнықтырады. Ананың бесіктегі нәрестесін уата отырып айтқан игі тілектері, болашаққа деген жақсы үміттерін сүтімен, әлдиімен ерте бастан-ақ құлағына құйылып ержетеді.

Балалар мен жастардың әндері көшпелі өмір сүрген халықтың күделікті тіршілігіне байланысты туындаған. Балалардың өздеріне қоршаған табиғаттағы жан-жануарлармен, құстардың дыбысын, іс-әрекеттерін қызық көріп бейнелегендері «Асау мәстек», «Қоғый гөк», «Соқыр теке» және сол сияқты түрлі ойын элементтерінде кездеседі. Осы ойындардың өндері де бала табиғатына сай, ойнақы, көңілді, ширақ болып келуі олардың музыкалық-эстетикалық қабілеттерімен, мәнерлеп ән салу дағдыларын дамытуға септігін тигізіп отырған. Ал «Камажай» сияқты жастардың ауыл арасындағы той-томалақ, алдыбақан және басқа ойындарында айтылатын әндері оларды әсерге бөлеп, әнге деген ынта-ықыласын қанағаттандырып, сүйіспеншілігін арттырады. Балалар мен жастар әндерінің бәріне тән ерекшеліктері олардың, ойнақылығы, эмоциялық көңіл күнінің көтеріңкілігі, дидактикалық; мән мағынасы күнделікті оқу тәрбие жұмыстарында пайдалануға өте қолайлы жағдай жасады.

### Әдебиет тізімі

1 Жұбанов, А. Замана бұлбұлдары [Мәтін] / А. Жұбанов. – Алматы: [ж.б.], 1975.

2 Кетегенова, Н. Қазақ музыка әдебиеті [Мәтін] / Н. Кетегенова, Ү. Жұмакова. – Алматы: [ж.б.], 2000.

3 Бекхожина, Т. 200 казахских песен [Текст] / Т. Бекхожина. – Алматы: [б.и.], 1972.

*Мәлімет редакцияға түсті: 13.03.2017*

**АЛИБЕК, Г.А., ЕСМАГАНБЕТОВА, Ш.К.**

### **ВАЖНОЕ ЗНАЧЕНИЕ НАРОДНЫХ ПЕСЕН В ВОСПИТАНИИ ДЕТЕЙ**

*В этой статье кратко рассматривается история возникновения народных песен, авторы рассуждают о важном значении народных песен и их влиянии на воспитание детей. Также рассмотрены вопросы звуковысотного строения народных песен в фольклористике как науке.*

**Ключевые слова:** искусство, фольклор, лад, народные песни, воспитание детей.

**ALIBEK, G.A., YESMAGANBETOVA, SH.K.**

### **THE IMPORTANCE OF NATIONAL SONGS IN UPBRINGING OF CHILDREN**

*This article briefly examines the history of the origin of folk songs, about the influence and important meanings in the upbringing of children. Also, questions of the sound of the high-rise structure of folk songs in folklore studies as a science.*

**Keywords:** art, folklore, style, folk songs, education of children.